ЖАҢАЛЫҚТАР

Ташкенттегі футбол жарысына Қазақстаннан барған 11 бала ауруханаға түсті

3 қараша 2026 жыл, 11:26



Өзбекстан астанасында халықаралық футбол жарысына Қазақстаннан барған 17 азамат ауруханаға жатқызылды. Оның 11-і бала, алтауы ересек.

Бұқаралық ақпарат құралдарының хабарлауынша, Қарағанды облысынан барған жас футболшылар 31 қазан күні денсаулығы сыр бере бастағанын айтқан. Сырқаттанған ойыншылардың дене қызуы көтеріліп, іші өткен. Ата-аналары қонақүйдегі тамақтан күдіктеніп отыр. Әзірге аурудың себебі анықталмады.

Футболшылардың ата-аналары ауруханадағы жағдайға да шағымданды. Олардың сөзінше, науқастарды алғашында жөндеу жұмыстары жүріп жатқан ауруханаға

орналастырған, ал дәрі-дәрмекті науқастардың өзі сатып алуға мәжбүр болған. Олар Қазақстан консулдығына жүгінгеннен кейін ғана балаларды басқа клиникаға ауыстыра бастаған.

Ата-аналар балаларды Қазақстанға ұшақпен қайтаруды сұрайды. Ұзақ жолда жағдайы қиындап кетуі мүмкін дейді олар.

Қазақстанның Өзбекстандағы елшілігі ауруханаға түскен 17 науқас Ташкенттегі №5 жұқпалы аурулар емханасында жатқанын айтады. Елшіліктің мәліметінше, науқастардың жағдайы тұрақты, оларға қажет медициналық көмек көрсетіліп жатыр.

Азат Еуропа / Азаттық радиосы © 2026, Inc. | Барлық құқықтары қорғалған